

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсанындағы N 1303 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 715 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1339 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1339 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Салыққа жатпайтын түсімдерді өндіріп алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1303 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген салыққа жатпайтын түсімдерді өндіріп алуға жауапты және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері";

реттік нөмірі 6-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері";

реттік нөмірі 10-жолдың 3-бағанының бірінші және төртінші абзацтары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 11-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тәркіленген мүлікті, белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекеттің пайдасына бас тарту кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын сатудан түсетін түсімдер";

реттік нөмірі 17-жолдың 3-бағанының жетінші және оныншы абзацтары
а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 18-жолдың 3-бағанының он төртінші және он бесінші абзацтары
а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа
е н г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК